

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ЖӘНЕ МЕКТЕПТЕРДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ: ТАЛДАУ, ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ВУЗЕ И ШКОЛЕ: АНАЛИЗ, ПРОЕКТИРОВАНИЕ И РЕАЛИЗАЦИЯ

Айдарова Ақмарал Зияшевна
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ аға оқытушы
Абдуллина Ақжүніс Гафуровна
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ оқытушы, география магистрі
Ақтөбе қаласы

ЖОБА ӘДІСІ – ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ РЕТІНДЕ

АННОТАЦИЯ

Мақалада жоба әдісінің міндеттері, жобалар классификациясы және аталған әдістің қазіргі білім берудегі маңызы туралы қарастырылған.

Түйінді сөздер: технология, жоба әдісі, жоба типологиясы, жобалау іс-әрекетінің кезеңдері, шығармашылық белсенділік.

АННОТАЦИЯ

В статье рассматриваются задачи, которые решает проектная деятельность, классификация проектов и место данного метода в современной педагогике.

Ключевые слова: технология, метод проекта, типология проектов, этапы проектной деятельности, творческая активность

ABSTRACT

The article considers the problem to be solved by the project activity, the classification of projects and place this method in modern pedagogy.

Keywords: technology, project method, the typology of projects, phases of project activity, creative activity

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінің алдындағы міндет білім беру процесі сапасын көтеру үшін түрлі тәсілдерді жан-жақты қарастыруды талап етеді.

Білім беру процесіне қандай да бір әдістемелерді енгізуде маңызды фактор болып қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде білім беру жүйесінің алдына қойылған міндеттер болып табылады.

Оқыту әдістерінің көптеген классификациясы бар, олардың әрқайсысында зерттеушілік әдіс бар. Яғни, студенттерге танымдық мақсатта тапсырма беріледі, оны студент өз бетінше қажетті әдістерді және педагог көмегін пайдалана отырып шешеді. Жоба әдісін де зерттеушілік типке жатқызуға болады. Мұнда студенттер жеке белгілі бір қойылған проблема бойынша айналысады.

Жоба әдісінің мақсаты студенттерге түрлі дерек көздерінен өз бетінше білім алуға; танымдық және практикалық тапсырмаларды шешу үшін алынған білімдерін пайдалануға; түрлі топтарда жұмыс жасай отырып, коммуникативті іскерлікті меңгеруге; зерттеушілік іскерлігін (проблеманы анықтау іскерлігі, ақпарат жинау, бақылау, эксперимент жүргізу, талдау, болжам жасау, қорытындылау) дамытуға; жүйелі ойлауды дамытуға жағдай жасау.

«Жоба» терминін алғаш болып 1908 ж. АҚШ-ғы ауыл шаруашылығы мектебінің тәрбие бөлімі меңгерушісі Д.Снедзен пайдаланған. 19 ғасырда фермерлердің өмір сүру жағдайы олардың балаларының тұрақты мектепке баруына мүмкіндік бермеді. Себебі олар күз және көктем маусымдарында ауыл шаруашылығының жұмыстарына тартылған болатын.

Американдық педагогтар практикалық оқыту болашақ фермерлерді оқытудың негізі деп есептеді. Оқушылар мектепте үйде орындау үшін жалпылама атауы «үй жобасы» деп аталатын бірқатар тапсырмалар алды. Осылайша жоба әдісі пайда болған. Ал, 1911 ж. АҚШ тәрбие Бюросы «жоба» терминін заңдастырды.

Осылайша жобалап оқыту технологиясы өткен ғасырдың басында АҚШ-та дүниеге келген. Оны проблемалар әдісі деп те атаған. Американдық философ, әрі педагог Дж. Дьюи және оның оқушысы У.Х. Килпатрикті жобалау әдісінің негізін салушылар ретінде танымыз [1].

Американдық педагогтар жоба әдісін оқытудың барлық сатыларында пайдаланды.

Жоба әдісін пайдалану оқушылардың болашақтағы кәсіби іс-әрекеттерін өз бетінше анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар американдық педагогтар жоба әдісін пайдалануда қолайлы нәтижеге жету үшін төмендегідей міндетті жағдайларды атап көрсетті:

1. Педагогтардың сәйкес біліктілігі;
2. Кластағы балалар саны.

Жобалап оқыту технологиясы орыс педагогтарының да назарын аударған. Жобалап оқыту идеясы Ресейде Америка педагогтарымен қатар келген.

Ресейде 20 ғасырдың басында жоба әдісіне көп көңіл бөлген С.Т. Шацкий болды. Ол 1905 жылы оқу үрдісінде жобалап оқыту технологиясын пайдаланды.

Кейін Совет үкіметі тұсында бұл әдіс кең қолданылған, бірақ қалай пайдалану керек екендігі аяғына дейін ойланып, ұйымдастырылмады. 1917 жылы жас Кеңес үкіметінің өз проблемалары: экспроприация, индустриаландыру, ұжымдастыру, т.б. болды. 1931 жылы ЦК ВКП(б) қаулысымен жобалап оқыту технологиясы сынға алынып, қолдануға тыйым салынған.

Осы жоба негізінде 1990 жылдары Жапония өз экономикасын көтеруге мүмкіндік алды.

Уақыт өте келе жоба әдісі кейбір эволюцияға ұшырады, бірақ оның мәні өзгермей қалды. Бұл әдістің әлемнің көп елдерінде кеңінен қолданылу себебі оқушылардың әр түрлі пәндерден алған білімін проблеманы шешу кезінде біріктіруге көмектесуінде, алған білімді практика жүзінде қолдана алуында, ол кезде жаңа идеялар пайда болады. Жоба әдісі белсенді әрі жетістікпен АҚШ, Ұлыбритания, Бельгия, Израиль, Финляндия, Германия, Италия, Бразилия, Нидерландия және т.б. көптеген елдерде нақты проблеманы шешуде қолданылып, теориялық білім мен оның практикада қолданылуын қамтамасыз етті.

Жоба әдісі басқа әдістер сияқты оқытудың көптеген әдіс-тәсілдері арқылы жүзеге асуы мүмкін, соның ішінде жаңа ақпараттық технологияны қолдануға да болады. Оған: компьютерлік телекоммуникация, электрондық база мәліметі, виртуальды библиотека, мультимедиялық құралдар, аудио- және видеоконференциялар т.б. Сондықтан жоба әдісі бүгінде екінші рет өмірге қайта келді десек те болады.

Жобаның типологиясы

Жобаның бірыңғай ортақ типологиясы жоқ. Әр түрлі әдебиеттерде түрлі авторлар өз нұсқаларын келтірген, сондықтан да көптеген деректер негізінде жалпылама берілген нұсқасын беруге болады.

Мазмұны бойынша жобалар былай бөлінеді:

1. Интеллектуалды (зерттеушілік). Мұндай жобалар толығымен зерттеу логикасына бағынады, ғылыми зерттеуге негізделген құрылымы болады (жоба тақырыбының өзектілігінің дәлелденуі; зерттеу проблемасын анықтау, оның пәні мен объектісі, міндеттері, әдістері, ақпарат көздері; проблеманы шешудегі гипотезалар және оны шешу жолдары; соның ішінде экспериментальды, тәжірибелі алынған қорытындылар мен нәтижелерді талқылау; зерттеу нәтижелерін рәсімдеу; әрі қарай зерттеу жүргізу үшін жаңа проблемаларды іздеу).

2. Материалдық – бұл жобаларға мысал ретінде білім алушылар жинақтаған гербарилерді, тау жыныстарының коллекциясын рәсімдеуді, басқа да техникалық және қолөнер шығармашылықтарының (динамикалық плакаттар, моделдер, қабырға стендтері, көрмелер, сабақтарға арналған таратпа материалдар, т.б.) нәтижелерін жатқызуға болады.

3. Экологиялық. Бұл жобада білім алушылар қоршаған ортамен; табиғат ресурстарын, қалдық материалдарды (орман, орман шаруашылық өнімдерін, су қоймаларын тазалау, пайдаланған шикізаттарды жинау мен пайдалану) тиімді пайдаланумен байланысты проблемаларды шешумен айналысады.

4. Сервистік. Ақпаратты жинақтау, рәсімдеу және көрсету; оқу аудиторияларын, басқа да ғимараттарды жөндеу, т.б. жұмыстар жүргізу; қызмет көрсетудің барлық түрін көрсету.

5. Әлеуметтік. Бұл жобалар белгілі бір әлеуметтік топтардың және барлық қоғамның проблемаларын шешумен байланысты.

6. Кешенді. Мұндай жобалар жоғарыда аталғандардың бірнешеуін біріктіреді.

Ұзақтығы бойынша жобалар:

- қысқа мерзімді (1-2 апталық);

- ұзақ мерзімді (екі аптадан бірнеше айға, кейде тіпті жылға дейін созылады) [2].

Жоба әдісімен оқытудың артықшылықтары:

- Топта жұмыс жасау дағдысы;

- Қарым-қатынас дағдысы;

- Жобаға қатысушылардың жеке дағдысының дамуы;

- Жеке пікірімен жұмыс;

Жобалау іс-әрекетін бір ЖОО да мынадай бағыттарда жүргізуге болады:

- Жалпы жобалар (олимпиада, байқаулар);

- Тәрбие жұмысындағы жобалау (жорықтар, экскурсия, аудиториядан тыс аралар);

- Оқу процесіндегі жобалау (практикалық және студенттің өзіндік жұмыстарының тапсырмалары түріндегі жобалар);

Халықаралық жобалар (түрлі елдердің студенттерінің біріккен шығармашылығы)

Жобаны дайындау және жүзеге асыру кезеңдері

Жоба әдісі қазіргі уақытта оқытуда кеңінен таралған. Оны кез-келген оқу пәнін оқытуда көлемді тапсырмаларды шешуде, әсіресе 2 және 3 курс студенттері үшін пайдалануға болады.

Жобаның жүзеге асуын төмендегі кестеге сәйкес бөліп көрсетуге болады:

1-кесте

Жобаны жүзеге асыру кезеңдері

Кезеңдері	Жұмыс мазмұны	Студенттің іс-әрекеті	Оқытушының іс-әрекеті
<i>1. Ұйымдастырушылық-дайындық кезеңі</i>			
Мотивация және мақсатты тұжырымдау кезеңі	- тақырыпты анықтау; - бір немесе бірнеше проблеманы анықтау; - соңғы нәтиженің мақсатын нақтылау; - жұмыс тобын таңдау.	Ақпаратты нақтылайды. Тапсырманы талқылайды. Проблеманы айқындайды.	Жобаның мақсатын қоюға көмектеседі. Бақылайды.
Жоспарлау кезеңі	- проблеманы талдау, болжам ұсыну, әр болжамды негіздеу; - ақпарат көздерін анықтау, оларды жинау және талдау тәсілдері; - міндеттің қойылуы және нәтижені бағалау критерийін таңдау; - топтағы рольдерді бөлу.	Проблеманы шешу болжамдарын ұсынады, міндеттерді айқындайды. Ақпарат көздерін анықтайды.	Талдау жасау мен жинақтауда (синтездеуде) көмектеседі. Бақылайды.
Шешім қабылдау кезеңі	- қабылданған болжамдарды тексеру әдістерін талқылау («миға шабуыл» т.б.); - тиімді нұсқаны таңдау;	Тексеру әдістерін талқылайды. Тиімді нұсқаны таңдайды.	Бақылайды. Консультация береді. Өтініш бойынша кеңес береді. Жанама

Кезеңдері	Жұмыс мазмұны	Студенттің іс-әрекеті	Оқытушының іс-әрекеті
	- нәтижені көрсету тәсілдерін анықтау; - ақпарат жинау – сұхбат, сауалнама, бақылау, тәжірибелер.	Ақпарат көздерін нақтылайды.	басқарып отырады.
<i>2.Технологиялық кезең</i>			
Жобаны орындау кезеңі	Болжамды қуаландыратын немесе теріске шығаратын қажетті ақпаратты іздеу. Жобаны орындау.	Ақпаратпен жұмыс жасайды. Зерттеу жүргізеді. Идеяны синтездейді және талдайды. Жобаны рәсімдейді.	Оқытушы бақылайды, Преподаватель наблюдает, тексереді, консультация береді.
<i>3.Жалтылау (рефлексивті) кезең</i>			
Жобаны қорғау кезеңі	- баяндаманы даярлау және рәсімдеу; - процесті негіздеу, жобалау; - алынған нәтижелерді түсіндіру; - жобаны ұжымдық қорғау.	Жобаны қорғайды.	Бақылайды. Қорғау процесін бағыттап отырады (қажеттілігіне орай). Қатардағы қатысушылар ролінде сұрақтар қояды.
Тексеру және нәтижені бағалау кезеңі	- жобаның орындалу нәтижесіне талдау (жетістіктері және сәтсіздігі); - қойылған мақсаттың жетістігіне талдау; - нәтижені бағалау, жаңа проблемаларды айқындау.	Жобаны ұжым бойынша өзіне талдау жасау және өзін-өзі бағалау.	Ұжымдық талдауға және жоба нәтижесін бағалауға қатысады.

Жоба әдісі көбінесе бір ғана аудиториялық сабақпен шектелмейді (бірнеше сабақтарға созылуы мүмкін) және студенттердің аудиториядан тыс ауқымды жұмыстарын да қажет етеді [3].

Жоба әдісінің тұлғаның шығармашылық белсенділігін арттырудағы ролі.

Егер шығармашылық белгілі бір өзіндік ерекшелігі бар және жаңаға қол жеткізу ретінде түсіндірілетін болса, креативтілік адамның ішкі ресурсы, әлеуеті ретінде қарастырылады.

Креативтілік – адамның конструктивті, қалыптан тыс ойлау, сонымен қатар өз тәжірибесін түсіну және дамыту қабілеті.

Креативтілік бірнеше алуан түрде көрініс табады. Креативтілікті анықтайтын категориялар:

- шапшаңдық;
- икемділік;
- нақтылық;
- өзіндік ойлау;
- еркін қиял;
- эзілді түсіне білу;
- жоғары эстетикалық құндылық;
- проблеманы талдау дәрежесі.

Бұл қабілеттерді жетілдірудің жағдайы бұл өз-өзін ұстауы және өзіне деген сенімділік. Креативтіліктің көрінуінің маңызды бөлігі ойлау ерекшелігіне байланысты. Тәжірибе жүзінде негізделген шығармашылық жетістіктерге жетуге мүмкіндік беретін ойлау

ерекшеліктерін Дж. Гилфорд ұсынған. Ол шығармашылық үшін конвергентті (логикалық, бірізділік, бір қалыпты) және дивергентті (біртұтас, интуициялық, релятивті) ойлаудың интеграциясы қажет деп санады [4].

Ол ойлау интеграциясының нәтижесін мынадай ерекшеліктермен көрсетеді:

- Шапшаңдық көптеген идеялардың туындауына;
- Икемділік кең ауқымдағы алуан түрлі идеялардың туындауына себеп болады;
- Ерекшелік қайталанбас идеялардың туындауына;
- Нақтылық ойлаудың аяқталған өнімін көрсетуге мүмкіндік береді.

Шығармашылық – бұл қайталанбас, жаңаның бастамасы, бұл әрқашан қандайда бір шеңберден шығу, түсіну мен көріністің жалпы қабылданған тәсілдері. Шығармашылық тұлғаның ғылыми, көркемөнерлік сияқты бейімделмеген белсенділігі.

Бейімділік жұмыс жасау барысында мақсат пен нәтиженің келісімінен, сәйкестігінен көрінеді. Бейімделмеушілік тұлғаның белсенділігінің мақсаты пен нәтижесінің арасында қарама қарсы қатынас қалыптасады: мақсат іс-әрекетімен, түпкі ойы нақты көрсетуімен, талаптары қорытындымен сәйкес келмейді. Бейімделмеушілік ерекше мақсатты тұжырымдау процесімен сипатталады. Мақсатты тұжырымдау негізіне таным, рефлексия жатады.

Ақпараттық технология қоғамы немесе «постиндустриалды қоғам» ХХ ғасырдың аяғындағы индустриалды қоғамнан айырмашылығы оның азаматтары өз бетінше, белсенді әрекет етуге, шешім қабылдауға, өмірдің өзгермелі жағдайларына тез бейімделуге қабілетті болуы керек.

Осылайша қазіргі ақпараттық қоғамда барлық оқу орындарының алдына, әсіресе мектепке төмендегідей қабілетті түлектерді шығару міндеті қойылып отыр:

- Өзгермелі өмір жағдайларына тез, әрі оңай бейімделу, қажетті білімді өз бетінше алу және оны практикада түрлі проблемаларды шешуде тиімді пайдалану;
- Өз бетінше сыни ойлау, пайда болған проблемаларды көре алу және қазіргі технологияларды пайдалана отырып, оларды шешудің тиімді жолдарын табу;
- Жаңа идеяларды ұсынуға қабілетті болу, шығармашылық ойлауға икемділік;
- ақпаратпен сауатты жұмыс жасау;
- ой өрісін, адамгершілігін, мәдени деңгейін дамыту үшін өз бетінше жұмыс жасау;
- коммуникабельді болу, түрлі облыстармен байланыса отырып, түрлі жағдайларда және әр түрлі әлеуметтік рольдерде жұмыс жасай алу.

Осылайша, білім берудің жаңа оқушы – пәндік-ақпараттық орта – мұғалім парадигмасының қажеттілігі туындайды.

Осы тұрғыда жобалау іс-әрекетінің студенттер үшін 2-кестедегідей оң жақтарын ерекше көрсетуге болады.

Жобаны орындау барысында қадам бойынша студенттерде қалыптасатын іскерліктер мен дағдылар:

Зерттеу жұмысының кезеңдері	Студенттердің зерттеу жұмыстары нәтижесінде дамитын дағдылары мен іскерліктері
Зерттеу тақырыбын таңдау, мәселені анықтау	Қарама-қайшылықты көру қабілеті, қазіргі ғылыми ақпараттарға бағдарлану, зерттеу нысаны мен пәнін анықтау
Зерттеу мақсатын және міндеттерін анықтау	Мақсатты қою іскерлігі және іс-әрекетін қадам бойынша өз бетінше жоспарлау
Әдебиеттермен танысу (кітаптар, мұрағат, БАҚ, Галамтор)	Еңбексүйгіштік, аңғарымпаздық; жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістерді пайдалану; аралық нәтижелерді бағалау және өз іс-әрекетін түзету

Зерттеу әдістерін таңдау, экспериментті жоспарлау	Объективтілік, ойға қонымдылық (қисындылық) және абстрактілі ойлау
Зерттеу жүргізу	Жаңа ақпаратты жинақтау, талдау, жүйелеу
Қорытынды жасау	Ойын қысқаша және қисынды жеткізе білу іскерлігі
Зерттеу есептері мен презентацияларын рәсімдеу	Жетістіктерінің нәтижелерін рәсімдей алу іскерлігі, шығармашылық тәсіл
Зерттеу жұмысын қорғау	Ораторлық қабілет, жауапкершілік, жеке көзқарасын негіздей алу іскерлігі, өз іс-әрекетін бағалау, рефлексия

Жоба – білім алушы зерттеуіндегі мәнжазбаға қарағанда толық мазмұндағы шығарма, ол алға қойған проблеманы шешуге арналады.

Осылайша, студенттердің жобалау әрекетінің негізгі нәтижесі пәнді оқуға деген қызығушылығы, студенттердің танымдық белсенділігін арттыру, өз білімдерін үнемі толықтырып отыру қажеттілігіне тәрбиелеу болып табылады. Жобаны орындау барысында студенттер белсенділік және шығармашылық қабілеттерін танытады. Жобамен жұмыс жасай отырып, әрбір студент өз қиялын, белсенділігін және өз пікірін көрсетуге мүмкіндік алады.

Әдебиеттер:

1. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю. и др. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. М.: 2001.
2. http://charko.narod.ru/tekst/metod_proektov_2008/Krasnov.pdf. Метод проектов в университетском образовании. Сборник научно-методических статей. Под ред. М. А. Гусаковского. Минск: БГУ, 2008.
3. Т.Г. Хащенко, Е.В. Макарова. Интерактивные методы обучения в образовательном процессе ВУЗа. Ульяновск. 2011.
4. Е. А. Реутова. Применение активных и интерактивных методов обучения в образовательном процессе ВУЗа. Новосибирск. 2012.
5. Пахомова Н.Ю. Метод учебного проекта в образовательном учреждении. – М.: Аркти, 2003.

Altynay Pazylova

University "Syrdarya", MSc, Senior Lecturer

Altynbek Makpal, Shynybek Zhanbota

University "Syrdarya", students of the specialty "Foreign language: two foreign languages
Southern Kazakhstan, the city Zhetysai

THE USE OF GAMES AS AN EFFECTIVE METHOD OF LEARNING A FOREIGN LANGUAGE

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада шет тілін үйренудегі адам мотивациясы мәселесі қарастырылады. Бұл - мотивация, мақсатты әрекеттерді оятады. Басқаша айтқанда, мотивация - адам тәртібін анықтайтын факторлардың жүйесі. Қазіргі уақытта, ең жаңа тақырып ояну болып табылады: мұғалімдердің мотивация бүгін.

Түйінді сөздер: *мұғалім мотивациясы, ішкі және сыртқы мотивация, үздіксіз оқыту.*